

есептерді шешуде, кестелер, өндірістік жоспарлар құрастыруда және өнімді өткізу мәселесінде қолданылатын болса, көрсетіледі.

Аталған элективтік курстар ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың түрлі салалармен байланысын ашуға, оқушылардың білімін жетілдіруге, ықтималдық интуициясын, комбинаторикалық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектесетінін көрсетті.

Сонымен қатар, жүргізілген жұмыстар нәтижелері осылайша материалды әр бағыт бойынша сұрыптап алу арқылы стохастика саласын оқыту, кәсіптік-қолданбалы бағытты іске асыратын, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыруға, жоғары сынып оқушыларын сын тұрғысынан ойлауға, олардың жалпы математикаға деген танымдық қызығушылықтарын арттыруға болатынын байқатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бектаев Қ.Б. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. – Алматы: Рауан, 1991. – 432 б.
2. Жаңбырбаев Б.С. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. – «Мектеп» баспасы, 1988.
3. Маневич Д.В. Теория вероятностей и статистика в школьном образовании. - Ташкент: «УКИТУВЧИ», 1989.

Резюме

В данной статье рассматриваются место, роль и значение теории вероятности и математической статистики в различных областях современной науки.

Resume

In given article the place, role and importance of probability theory and the mathematical statistics in various areas of a modern science are considered.

ӘОЖ 37.025

ҮШ ӨЛШЕМДІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУҒА НЕГІЗІ

К.К. Даутова

№ 25 қазақ қыздар гимназиясы, Екібастұз қ.

Мектепте оқытылатын тіл, әдебиет пәні оқушыларға өмірді, шындықты, қоғамды, сол қоғамда өмір сүретін адамдарды тануға жәрдемдеседі, өмірге көзқарасын қалыптастырады, сөйлеу, жазу мәдениетіне баулиды.

Қазіргі таңда жан- жақты дамыған дарынды, қабілетті, білімді тұлға тәрбиелеу әр ұстаздың мақсаты болып отыр.

Осы мақсатты жүзеге асыруға жаңа технологиялардың ықпалы мол.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін, қазақ тілі пәнінен күтілетін үш түрлі құзіреттіліктерін дамытып, тілге, әдебиетке деген құштарлығын арттыруда - әр мұғалім өз үлесін қосуда.

Үш өлшемді әдістемелік жүйе технологиясының жетістігі - біріншіден «қабілетті», қабілетсіз» деп жіктеп бөлуді болдырмау болса, екіншіден оқушылардың сөз шеберлігін, тіл байлығын, көркем әдебиетке деген құштарлығын арттырудағы шығармашылық жұмыстарының орны ерекше.

Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Бұл жерде дана Абайдың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар» деген ұлы сөзі еріксіз ойыңа оралады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет, қабілет іздете білу, өмірден өз орнын тапқыза білу қаншалықты қиын екені түсінікті. Басқа жолға түсіп адасушылықтың негізгі себебі, ең алдымен, бір кездегі ұстаздары мен мектебінде жатқан жоқ па деген сауалдың мұғалімдерді ойлантқаны жөн.

Бұл жұмыстар жеке тұлғаның танымдық іс - әрекеті арқылы жүзеге асады. Оқушылардың дарыны мен қабілеті шығармашылық жұмыстарда көрінеді. Дарын мен қабілет сол арқылы дамиды.

Шығармашылық жұмыстар - оқушылардың бұрын кезікпеген, шешімі белгісіз сұрақтардың жауабын табуға бағытталатын оқу еңбегінің жоғарғы деңгейіндегі түрі. Сондай-ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану, әр оқушының қабілетіне қарай өнерін шығару, сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу – оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру түрлері болып табылады. / 2.41/

Қай тақырыпқа, қай жанрға жазылсын, мұғалім бұл жұмысты жүйелі жүргізу керек. Қарапайым шығармадан күрделіге қарай бірте-бірте баулуы керек [1. 241]

Орта буындарда бірінші деңгейде мақал-мәтел, жұмбақ, сөзжұмбақтар құрастыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Екінші деңгейде мәтінді әрі қарай жалғастыру, мәтін құрастыру, ертегі, өлең жазу арқылы оқушының шығармашылығы дамиды. Үшінші деңгейде мақала, баяндама, ғылыми жұмыстар жазу арқылы оқушының стилі, жеке көзқарасы қалыптасады.

Сөйлеу компоненттерінің бес түрі оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім негізіндегі құзыреттіліктер оқушының ақпаратты қабылдау және өз ой пікірлерін қорытып шығару әрекеттеріне сүйеніп отырып анықталады.

Ендеше, оқылым мен тыңдалым, айтылым мен жазылым әрекеттерінде оқушылардың өз бетінше ізденуі, шығармашылық тұрғыдағы қабілеттері, дара ойлауға ұмтылысы негізінде туындайтын құзыреттіліктер қалыптастыруға мүмкіндік мол. Мұнда түрлі өмір жағдаяттарында оқушының дұрыс жол табуы, сын сәттерде өзіне тиімді шешім жасауы, өзіндік көзқарастарын, сөз әдебін сақтап жеткізе алу, ойын түсінікті әрі жүйелі айта алу қабілеттері шыңдалады.

Біріншіден, оқушы шығармасында бұрын ешкім естімеген, сезінбеген, көрмеген тың бір нәрсе көрінуі керек. Өйткені бұл шығарма ғой. Ал шығарма жаңа шыққан өзгеше дүние емес пе? Осы жаңа тың нәрсе – шығарма мазмұнының өлшемі.

Екіншіден, оқушы мазмұнды ұтқыр, көркем жеткізуі үшін сан алуан форма таба білуі шарт. Яғни жаңа метафоралар, теңеулер, көркем сөздер өмірге келуі керек.

Үшіншіден, оқушыны көркем ойлауға үйрету. Сондықтан шығарма әдеби – көркем стильмен өрнектелуге тиіс.

Оқушының шығармашылық қабілетінің даму кезеңі орта буын. Осы орта буынға арналған тапсырмаға тоқталып өтсем, деңгейлік тапсырмаларды дайындау барысында І,ІІ деңгейдің тапсырмалары барлық класқа бірдей дайындалады да, ал ІІІ деңгейдің тапсырмалары, яғни шығармашылық тапсырмалар әр оқушының қабілет, қызығушылығына байланысты құралады.

Мысалы:

- «Лексика еліне саяхат» (мысал)
- «Сұлулық сыры» (монолог)
- «Өмір ағысы» (ата, бала, немере) (ой толғау)
- «Жылылық» (диалог)
- «Сағыныш» (эссе)

Сөйтіп тоқсан басында ертегі, мысал құрастырып отырған оқушы шығармашылық қабілеті дами келе ойтолғау, монолог, пікір түрлеріне көшеді.

Жұмыс барысында, әрине түрлі кемшіліктер туып жатады. Оларды түзету үшін балалармен арнайы жұмыс жүргізіліп отырады. Оқушылардың қаламы бірте-бірте төселіп, жаттығып кетеді. Баланың әр жетістігін көрсетіп, пәнге деген қызығушылығын өшіріп алмау бұл маманның басты міндеті. Оны шығармашылық жолдан үзбей сатылап бағыттап отырудың бір әдісі - әңгіменің, ертегінің сюжетін болжап, аяқтауды оқушыға тапсыру. Мұны оқушы тапсырманы орындауға кіріскенімен қалай бастарын білмей отырғанда қолдануға болады.

Үшінші деңгейдің тапсырмаларын орынды пайдалана отырып, жеке тұлғаның шеберліктері шыңдалып, алдына ала берілген тапсырмалармен жұмыс істеу арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктері артады.

Оқушы жұмыстарына арналған жеке дәптерлері бар. Бұл дәптерге әр оқушы құнды дүниедей қарағандығынан талап-жігерінің, арман қиялының ұшқынын көреміз. Оқушы жұмыстарын өзін ғана бағалап қоймай әр оқушы өз шығармасын оқып басқа балалар шығарма жайлы ой-пікірлерін айтып, класс болып бағалайды. Бұл арқылы оқушылар жұрт алдында сөйлей білуге, басқаны тыңдай білуге, жетістік – кемшіліктерін ажыратып көре білуге дағдыланады.

Дарынды, қабілетті оқушыларды тани білу, қабілеттерін ұштап әрі қарай дамыту әр маманның міндетті.

Әдебиет пәні ойлаудың, ойлатудың пәні десек А. Рыбаков «Өз ойын жаза білу –зиялылықтың ең бірінші белгісі, жазушылық адамдардың бақылағыштық қабілетін қиялын дамытады, адамзатты өркеиеттендіреді» - десе, белгілі педагог Выготский «Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді» деген. Осы мақсатта мектепте «Жас дарын» үйірмесі жұмыс істейді. Шығармашылық жұмыстардың шыңдалуына үйірме жұмыстарының қосар үлесі мол.

Үйірмеде оқушылар өздері құрастырған сюжетті шығармаларына сценарий жазып, көрініс қояды. Бұдан әр тұлғаның өз жетістіктері көрінеді.

Оқушылардың еңбектеріне әңгімелер, ертегілер, өлеңдер, жұмбақтары ай сайын жарық көретін «Жалын» газетіне шығып, кейін жинақ болып, кітаптары шығуы жас таланттың әрі қарай шарықтауына жол ашады.

Бұл технологияны қолданудан шығатын нәтиже

- жеке тұлға қабілетін арттырады;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- тілдері жетік, сөздік қоры дамиды ;
- ой-пікірін толық жеткізе алады;
- өзінің, басқаның жұмыстарына баға бере алады.

Жоғарыда аталып өткендей үш өлшемді әдістемелік жүйе технологиясы жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін арттырудың негізгі кепілі.

Әр оқушының қабілетін ашып, дамытуға жан - жақты жағдай жасағанда ғана көздеген мақсатқа қол жеткізуге болады.

«Тіл қаруы сөз, сөз қаруы ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті», деп Ф. Мұстафин айтқандай шығармашылық жұмыстарды жүйелі орындаудан дарынды, іздеп, жеке тұлға қалыптасады.

Шығармашылық жұмыстар – ең алдымен оқушының ізденіс еңбегі. Сол себептен де олардың мүмкіндік қалауымен санасу өте қажет. Оқушы қандай дарынды, терең білімді болса да оны мұғалім тарапынан бағыт-бағдар бере отырып, жетелеп отыруды маңызы зор. Сондықтан да оларды жетелеу, қиындыққа кезіктірмеу – мұғалімнің басты міндеті. Осы мақсатта бір ғана жұмыс түрімен шектелмей, бір тақырыптың өзінде бірнеше жұмыс тапсырмаларды ұсыну тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытудың өнімді бір тәсілі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - А.: «Рауан», 1997.
2. Ерғожина Ш. Құрмадас сөйлемдерді оқытуда шығармашылық жұмыстарды жетілдіру. Қазақ тілі мен әдебиеті. А.№ 4, 2007.
3. Даутова К. Шығармалар жинағы. - «Мектеп» 2007.
4. Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. - А.: «Ана тілі», 1991.
5. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. - А., 2000.
6. Жанәбілова. Қазақ тілін әдебиетпен байланыстыра оқытуда шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту технологиясы. П.ғ.к.дисс. автореф. - А., 2005.

Резюме

В статье рассматриваются достижения технологии 3-х уровневой методической системы. Через 5 видов компонентов речи: чтение, слушание, проговаривание, письмо, собеседование увеличиваются возможности для развития компетенций школьников, таких как улучшение восприятия информации, развитие творческих способностей, индивидуального мышления.

Resume

There are considered in the article the achievements of technology of 3-level methodical system. Through 5 kinds of speech components: reading, audition, talking speech, writing, interview increase possibilities for development of pupils, competences, such as perception of information, development of creative abilities, individual thinking.

УДК 372.83:004

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ ДИСЦИПЛИН (ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ)

Г.Ж. Ельмуратов

Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова

Одним из основных факторов влияния научно-технического прогресса на все сферы деятельности человека является широкое использование новых информационных технологий. Если в индустриальном обществе стратегическим ресурсом был капитал, то в информационном - информация; знание, творчество. Стратегическим ресурсом становится творческий потенциал людей, занятых в производственном процессе, наравне с материалами, энергией, капиталом.

Поэтому основная задача современного общества - стимулировать творческий процесс. Одной из важных целей внутренней политики Республики Казахстан является создание условий и механизмов развития сферы информационных и коммуникационных технологий для обеспечения перехода к информационному обществу и инновационной экономике, формирования конкурентоспособного экспортноориентированного национального сектора информационно-коммуникационных технологий [1].

Государственная программа развития образования предусматривает повышение конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала для улучшения материального и духовного благосостояния граждан, устойчивого роста экономики путем обеспечения доступности качественного образования для всех [2].

В этой связи безусловно актуальны проблемы практического использования информационных компьютерных технологий (ИКТ) в процессе преподавания общественных дисциплин с целью активизации обучения. Форма обучения с применением компьютерных технологий имеет свои особенности, которые, на наш взгляд, основываются собственно на одном положении – процесс обучения строится в основном на самостоятельной познавательной деятельности студента. Естественно, возникает необходимость обеспечения возможно полного доступа студента к учебной информации. Определенный объем образовательной информации предоставляет Интернет. Здесь можно выделить следующие обучающие электронные ресурсы: 1) нацеленные на организацию самостоятельной работы студентов на уроке или дома; 2)